

Қазақстан Республикасын энергиямен жабдықтаудың кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының өкімі 1995 жылғы 21 наурыздағы N 7-11-ө

Энергия ресурстарының өндірістегі және тұрмыс қажетіндегі шығынын кеміту, өнімнің құнын азайту, республика халқын жылумен және энергиямен сенімді жабдықтауды арттыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасында энергияны үнемдеу жөніндегі кезек күттірмейтін шаралардың ұсынылып отырған бағдарламасы (бұдан әрі- Бағдарлама) бекітілсін.

Тапсырмалар мен Бағдарлама шараларын жүзеге асыру үшін жауапкершілік пен бақылау мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінші басшыларына жүктелсін.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне тапсырылсын.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік компаниялар Қазақстан Республикасында энергияны үнемдеу жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасының негізгі бөлімдеріне сәйкес бір ай мерзім ішінде орындау мерзімін көрсете отырып, материалдық және қаржылық шығындарды негіздеу арқылы нақты шаралар әзірлеп, бекітсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрдің
1995 жылғы 21 наурыздағы
N 7-11-ө өкіміне

Қосымша

Тексті орысшадан қараңыз